

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«ӘЙТЕКЕ БИ КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» МКҚК

«ҚАРАЛДЫ»  
педагогикалық кеңесте  
Ақ хаттама  
« 2021 ж.  
Колледж басшысының м.а.  
К.А.Туралин



«БЕКІТЕМІН»  
Ақтобе облысы білім басқармасының  
басшысы  
Ж.Н.Батырхан  
« 2021 ж.



ӘЙТЕКЕ БИ КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІНІҢ 2021-2026 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Т.Жүргенов - 2021ж.

## Мазмұны

Кіріспе.	3
1. Миссия және пайымы	4
2. Ағымдық жағдайды талдау.	5
2.1. 2026 жылдарға дейін әлемдік экономиканың даму үрдісі.	8
2.2. Бәсекелестер және аймақтық білім беру нарығын талдау.	8
2.3. Географиялық және демографиялық көрсеткіштер.	8
2.4. Колледж қызметінің негізгі көрсеткіштері.	9
2.5. SWOT талдау.	10
3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, мақсат индикаторлары.	11
3.1. Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету.	11
3.2. Инженер-педагог қызметкерлердің ғылыми-инновациялық қызметін дамыту.	12
3.3. Жастардың тұлғалық даму саясаты.	14
3.4. Халықаралық және стратегиялық серіктестік.	15
3.5. Менеджмент және колледж инфрақұрылымын дамыту.	16
4. Тәуекелді меңгеру жүйесі.	18
5. Күтілетін нәтижелер.	19
Қорытынды	20

## Кіріспе

МКҚК Әйтеке би көпсалалы колледжінің стратегиялық жоспары «Қазақстан-2050» стратегиясына, «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекелестік» жолдауындағы, білім саласының түгелімен жаңғыруын қамтамасыз етуге бағытталған ҚР БҒМ 2017–2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарында қойылған міндеттерге сүйенеді. Бұл құжаттарда еліміздің әлеуетін арттырып, әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге пәрменді көшбасшылар мен білікті мамандар даярлауға күзиретті кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру міндеттері нақтыланды. Сонымен қатар колледждің Стратегиялық жоспарында Ақтөбе облысы мен Батыс аймағының өңірлік ерекшеліктері ескерілген.

Стратегиялық жоспар - колледж дамуының кешенді жоспары, 2021-2026 жылдар кезеңінде колледждің алға қойылған мақсатына жетуге арналған.

### Стратегияны әзірлеуге негіздеме:

- ҚР «Білім беру туралы» заңы, 2007 жылғы 27 маусым, № 319-III;
- Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты ҚР Үкіметі Қаулысымен бекітілген, № 1080 23.08.2012.ж.
- Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 23 қазандағы №502 бұйрығы
- Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы
- Мемлекеттік білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №66 бұйрығы
- Дуальді оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №44 бұйрығы
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғарғы білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 4 желтоқсанындағы №677 бұйрығы
- Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі №19 бұйрығы
- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар жинағы;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту *Қр білім және ғылым министрінің 12.11.2021 № 561 бұйрығымен бекітілген*
- Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы;
- Қазақстан Республикасы «Білім беру туралы» заңы», 2007 жылғы 27 маусым
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

### Құрылтай құжаттары:

- 2012 жылдың 11 қыркүйегіндегі № 179190404МК номерімен тіркелген «Әйтеке би көпсалалы колледжі» МКҚК жарғысы;
- Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, бизнес-сәйкестендіру нөмірі 920140000361, Комсомол с. 11 қыркүйек 2012 ж;

- Мемлекеттік органдарда алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 11.09.2012 ж;
- Қазақстан Республикасының Ақтөбе қ. статистика жөніндегі агенттігінің 25.09.2012 ж. берілген статистикалық карточкасы (ОКПО мемлекеттік жіктеуші бойынша код 85322);
- Ақтөбе облысының білім саласындағы бақылау департаментінің 25.12.2012 жылғы №12019523 тіркелген лицензияны басшылыққа ала отырып, кәсіптік білім беру процесін ұйымдастырып отыр.

Стратегияны әзірлеу кезінде жоғары сапалы және қажетті дағдыларға ие адами капиталды дамыту, Қазақстан экономикасының одан әрі өсуі тәуелді болатын басым міндеттің болуы, жаңа уақыттың құзыреттерінде қажетті дағдыларды үздіксіз үйрену мен игеруге дайын болу, технологиялық жаңару мен цифрландыру өз жұмыс уақытын тиімді пайдаланатын, технология мен білімді қолдануға, процестерді жетілдіруге және инновацияларды жүзеге асыруға қабілетті персоналдың қажеттілігі ескерілді.

### **1. Миссия және пайымы**

**Миссия** - Қазіргі заманның еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзіретті, жауапты, өз мамандығын және өз мамандығына жақын салаларды толық меңгерген, кәсіби өсуге дайын білікті маман даярлау.

**Пайымы** - Ақтөбе облысындағы ауылшаруашылық мамандарын дайындайтын, білім берудің инновациялық тәсілі негізінде бәсекеге қабілетті техникалық бейіннің маманын дайындауда қоғам мен бизнестің қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы білім беру қызметін ұсынатын іргелі оқу орны;

### **Өзекті құндылықтар.**

1. Колледж білім алушылары, оқытушылар және қызметкерлер игілігінің құндылығы.
2. Алқалық және сенім жағдайындағы тұлғалық өсу және кәсіптік дамуды қолдау.
3. Оқыту сапасын, ғылыми зерттеу және білімді дәріптеу құндылығы.
4. Өз қызметін этиканың жоғарғы стандарттарына сәйкес атқаратын қоғамның болашақ көшбасшыларын даярлаудағы адалдық, әділдік, жауапкершілік құндылықтары.
5. Нәтижеге қол жеткізу үшін жауапкершілікпен шешім қабылдай білетін ашық, адал қызмет атқару құндылығы.
6. Білім алушылардың ата-анасымен, жұмыс берушілермен, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдармен, қоғаммен серіктестіктің құндылығы.
7. Колледждің ішінде және сыртындағы, оның қызметіне байланысы жоқ, ұлты, діні, жынысы және басқа да факторларға қарамастан, барлық адами құндылықтары.
8. Колледждің жоғары беделі және оның білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесінің құндылығы.

**Мақсаты** - экономикалық орнықты даму үшін сапалы білімнің қажеттілігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, кәсіптік білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- педагог мамандығының беделін көтеру;
- еңбек нарығының, еліміздің индустриялық- инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім сапасына қол жеткізу;
- қазіргі заманғы білім беру мен кәсіптік даярлау, жаңа технологияларды, идеяларды және көзқарастарды пайдалану;
- студенттердің өмір сапасының әлеуметтік және құқықтық қорғау, құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету.

### **2026 жылға дейінгі стратегиялық міндеттер:**

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін сапалы білімді қалыптастыру және дамыта отырып, колледж сонымен қатар:

- Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік салалары үшін білікті, құзіретті мамандар даярлау;
- экономикалық индустриялық – инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, колледждің құрылымын жаңарту;
- колледждің беделін арттыру;
- дуальды оқу жүйесін енгізу;
- еліміздің индустриялық- инновациялық даму жобаларына сай келетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету;

- жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және олардың азаматтық белсенділігін, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуетін ашу тетіктілігін қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру.
  - жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға шәкіртақы төлеу және үш мезгіл тамақпен қамтамасыз ету, қажетті көмек ұйымдастыру. Аз қамтылған отбасылар балаларын бір мезгіл тегін ыстық тамақпен толық қамтамасыз ету;
  - студент жастар арасында құқық бұзушылықтарды және қылмысты төмендетуге қол жеткізу, студент жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттай отырып, қалыптастыру, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды, қылмыстың, нашақорлықтың алдын - алуды қамтамасыз ету;
  - экономиканың негізгі салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және оларды технологиялық қайта жабдықтау жобаларын іске қосу және цифрлық инфрақұрылымды дамыту бағытында жұмыс жүргізу;
  - «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында даярлау жұмыстарын жүргізу және колледждің ұйымдастыру құрылымына сай құрылым бөлімшелер қызметін автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізу;
    - «WorldSkills» республикалық сайысына студенттерді толық қамту және дайындау тәлімгерлігі бойынша жұмысты жетілдіру;
    - колледждің білім беру, мәдени және әлеуметтік қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін инфрақұрылымын және материалдық-техникалық базасын жаңғырту;
    - қазіргі заманғы материалдық- техникалық базаға сай автоматтандырылған 3D форматтағы және заманауи технологиялармен жабдықталған оқу тәжірибелік орталықтарын кеңейту;
    - оқу үдерісіне «Platonus College» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу бағытында жұмыс жүргізу;
    - орта мектептерде бейінді сыныптарды кеңейту және мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру мақсатында «Ашық есік күні» атты шараларын өткізу;
    - аймақтың және Республиканың еңбек нарығы сұранысын мейілінше толық қанағаттандыру мақсатында колледж түлектерінде кәсіптік білім деңгейі мен кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыру;
    - «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы және салауатты өмір салты мәдениетінің рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайтуға ықпал ету;
    - заман талабына сай сұранысқа ие жаңа мамандықтарды ашуды оңтайландыру мақсатында еңбек нарығын сараптау, енгізу;
    - ұрпақ сабақтастығын дамыту және рухани құндылықтар, әдет-ғұрыпты сақтау мақсатында колледждің көп жылдық тарихы бойынша мұражайда электрондық база құру;
    - колледждің инженер-педагог қызметкерлерін кәсіби біліктілігін жетілдіруге, шығармашылығын дамытуға және үздік тәжірибені таратуға оңтайлы жағдай жасалуын қамтамасыз ету;
    - үздік тәжірибені таратуға ықпал жасау;
- Осыған сәйкес, стратегиялық жоспарға өзгеріс және толықтырулар ретінде педагогикалық кеңестің отырысының (№1 хаттама 31.08.2021 жылғы) ұсынысымен құзыреттіліктер орталығын сапалы дамыту стратегиясын қосу шешілді.

## 2. Ағымдық жағдайды талдау.

Әйтеке би көпсалалы колледжі - облысымыздағы кәсіптік білім беру саласындағы елеулі орны бар және ауданымыздағы ауылшаруашылық салалары үшін бәсекеге қабілетті, білікті, құзіретті маман даярлауда асу белестерді бағындырған, заманның жаңа даму сатысына ерекше үлес қосқан, беделі биік танымал киелі білім ордасы.

Колледждің тарихи жолы, 1974 жылдан басталады. №133 Комсомол орта кәсіптік техникалық училищесі қазіргі таңда Әйтеке би көпсалалы колледжі техникалық және кәсіптік білім беру қызметін іске асырушы мемлекеттік мекемелерді қайта ұйымдастыру туралы Ақтөбе облысы әкімінің 2012 жылдың 10 шілдесіндегі №240 қаулысына сәйкес «Әйтеке би № 9 кәсіптік лицейі» мемлекеттік мекемесі «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Әйтеке би көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылды.

48 жыл ішінде колледж - білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін, ауылшаруашылық өндірісінің әр саласы бойынша 2500-ға жуық мамандар дайындады. Олар алған



білімдерін жоғары дәрежеде көрсете біліп, елеулі еңбектерімен еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет атқаруда. 2021-2022 оқу жылында барлығы – 148 студент.

- Күндізгі бөлімде - 148 студент мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алуға. Күндізгі бөлім бойынша - 7 топ. Оқушылардың білім деңгейі аралық және қорытынды аттестациялармен анықталып отырады.

Кәсіби бағытта білім алушы студенттердің көлемі жыл сайын арта түсуде. Колледждің кәсіптік білім саласында 15 білім бағдарламасы бойынша мамандар даярлауға лицензиясы бар. Бітірген түлектердің жұмысқа орналасуы жоғары деңгейде.

Колледжде оқытушылардың сапалық құрамында 2- Б.Алтынсарин төсбелгісінің иегері, 1-техника ғылымдарының кандидаты, 1-білім беру ісінің үздігі, 1-магистр жұмыс жасайды. Жоғары және бірінші санатты педагогтар – саны 13 және педагог-зерттеуші -1, педагог- сарапшы-2, барлық оқытушылар құрамының – 55,5% құрайды.

Оқу процесі еш кедергісіз және студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күзет бөлімі жұмыс жасайды. Күзетшілер саны – 6. Бейнебақылау камералар саны колледжде жалпы - 32, оның ішінде сыртқы бейнебақылау – 6, ішкі бейнебақылау – 26.

Ғылыми-зерттеу қызметі – оқытушы жұмысының маңызды құрамдас бөлігі. Колледж оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары болып, халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық конкурстарға, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу, электрондық әдістемелік оқу құралдарын, оқу процесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу бойынша жұмыс болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту» сияқты өзекті мәселелер енгізілген. Дарынды студенттерге білім беруді әр ғылымның бүгінгі дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан дарынды студенттердің тек өзінің интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етеді.

Дарынды студенттердің қабілеттерін дамытуда колледжде Кіші Ғылым Академиясының ұйымдастыруымен өткен үздік жобалар конкурсында жүлделі орын алған студенттеріміз де бар. Ақтөбе филиалының облыстық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларына қатысып халықаралық, республикалық, облыстық додаларда жоғарғы жетістіктерге жетіп жүр.

Колледж оқытушыларының кәсіби біліктіліктерін жоғарылату мақсатында ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары аясында, сондай-ақ студенттердің танымдық және шығармашылық белсенділіктерін дамыту үшін жыл сайын мамандықтар апталықтары өткізіледі. Мамандық апталығы колледждің оқу жылына жасалған ғылыми-әдістемелік жоспарымен сәйкес жүргізіледі. Мамандық апталығы аясында техникалық конференциялар, барлық негізгі пәндер бойынша пәндік викториналар, ашық түрде курстық жобаларды қорғау және т.б. шараларды өткізу болып табылады.

Оқытушылар колледж ішінде және облыстық біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының, Республикалық білім саласындағы құзырлы мекемелердің сайыстары мен конференцияларына, педагогикалық оқу және тәжірибе алмасу жұмыстарына қатысады. Колледждің әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен «Педагогикалық шеберлікті жоғарлату» және «Жас оқытушылар» мектебінің іс-шаралары жоспарға сәйкес өткізіледі. Әр оқу жылында пән оқытушылары өз ғылыми шеберліктерін жоғарлату мақсатында өндірістік мекемеде тәжірибеден өтіп, тәжірибе алмасып отырады.

Колледж 2 оқу ғимаратымен, екі студенттер және кіші қызметкерлер жатақханасымен қамтылған. Студенттердің инновациялық технология бағытымен кәсіби бағытта білім алуына, оқытудың жаңа технологияларын үйретуге бағытталған заманауи жаңа қондырғылармен және 10 интерактивтік тақта, 5 шеберхана, 1 компьютерлік кабинет, 1 оқу-әдістемелік кабинеті, 1 оқу полигоны, 1 спорт зал, ашық спорт алаңы, 80 орындық мәжіліс залы жұмыс жасайды. Барлық компьютерлік кабинеттер интернет жүйесіне және локальды байланысқа қосылған. Студенттер оқу шеберханаларында жону, жөндеу, электрлі дәнекерлеу, электр құрастырушы тәжірибелік жұмыстарын атқарады. Колледж туралы толық ақпарат колледждің сайтында (<http://aiteke-mk1974.rka.kz>) және Instagram ([aiteke\\_bi\\_college](https://www.instagram.com/aiteke_bi_college)) парақшасында үнемі жарияланып отырады.

Кәсіптік тәжірибе – болашақ мамандар мектебі. Колледжде мамандарды даярлау әлеуметтік серіктестік қатынастағы кәсіпорындардың белсене араласуымен жүргізіліп келеді. Бүгінгі күні колледж студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру мақсатында 8 мекемемен келісім-шарттар жасасқан.

Олар, ТОО «Комсомол», ТОО «Кумкудук», ТОО «Булак-Агро», АО «Канс Транс Газ Аймақ», Әйтеке би газ шаруашылығы, ИП «Волынец Галина Хусаиновна », ИП «Кишкенебаев С.М», ТОО «Горнорудная компания Сары Арқа» және т.б.

Колледж студенттері арасында талантты да, дарынды, белсенді оқушылар жетерлік. Рухани адамгершілігі мол, ой-өрісінің нақтылығымен ерекшеленген, салауатты өмір салтын ұстана білетін жастар колледжіміздің абыройын асқақтатып, әр түрлі іс-шараларға қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде белсене араласып жүлделі орындарға ие болып келеді.

Әйтеке би көпсалалы колледжінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер саны -1. Ересек - 98, кәмелетке толмағандар - 47.

Бұл санатта студенттерді әлеуметтік қолдаудың тұтас пакеті бар. Ол ыстық тағам, тегін жатақхана, колледж формасын, стипендия және тұрғын үй, жинақ кітапшасын, тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен жинақ кітапшасын ашуды ұйымдастыру, қосымша көмек болып табылады. Олимпиадаларға, конкурстарға, пәндер бойынша жарыстар, кәсіби шеберлік жарыстарға қатысуы.

Колледждің психологі, проблемаларды шешу үшін қамқоршылар мен туыстарын шақырып жетім балалар оқытылатын топтарда сабақтарға қатыстырыу жұмыстарын жүзеге асырады. Бірге мұғалімдер мен тәрбиешілер топтармен қатысым, үлгерім мәселелері бойынша шешім қабылдайды. Студенттер мен қамқоршыларды реттеу мәселелері бойынша топ белсенділерінің жұмысына жетім ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды қатыстыру және студенттік өзін-өзі басқару кездесуін өткізеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясының «Білім туралы Заңының» 44-ші бабының 9-шы тармақшасына сәйкес колледжде қамқоршылық кеңесі құрылды.

Қазіргі уақытта қамқоршылық кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2017 жылғы 06 қарашадағы № 1 «Колледжде қамқоршылық кеңесін құру туралы» бұйрығына сәйкес жұмыс жасайды.

Қамқоршылық кеңес құрамына төрағасы аудандық емхана меңгерушісі Ж.Ж.Файзуллаев, аудандық «Жаналық жаршысы» газетінің редакторы - Е.Абдраев, «Аюкөл» жеке кәсіпкер А.Т.Абдешов, Әйтеке би аудандық «жұмыспен қамту» орталығы басшысы Ж.А.Оразбаев, Ақтөбе облысы, Әділет басқармасының №4 филиалының сот актілерін орындау аудан аралық аумақтық бөлімінің мемлекет сот орындаушысы Р.Жетруова, Әйтеке би ауданы ішкі істер бөлімінің кәмелетке толмаған жасөспірімдердің инспекторы Д.Н.Кемелтаев, Әйтеке би көпсалалы колледжінде білім алушы студенттің ата – анасы Р.Бергалиев, ЖШС «Комсомол» директорының орынбасары А.А.Баймешов, «Қосалқы бөлшектер» жеке кәсіпкер А.К.Жармедетов кіреді.

Қамқоршылар кеңесі Педагогикалық кеңестің отырысында бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс істейді. Жұмыстарды ұйымдастыру келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- ағымдағы жылдың түлектерін жұмысқа орналастыру;
- қаржылық қолдауды қамтамасыз ету, колледждің материалдық-техникалық базасын нығайту, ұйымдарды ұйымдастырудың кемшіліктерін жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу;
- колледж түлектерінің қаражаты есебінен оқу процесін қамтамасыз етуді жетілдіру;
- базалық кәсіпорындардың демеушілігімен материалдық-техникалық базаны жетілдіру;
- білім алуға, өмір сүру жағдайларын жақсартуға және халықтың әлеуметтік осал топтарынан студенттерді жұмысқа тартуға;
- колледжге әлеуметтік, мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын жүргізуге көмек көрсету.

Кәсіптік білім беру жүйесі нарықтық экономикаға көшуде жаңа үдерістермен жаңғыртылды, соның нәтижесінде колледж ұжымы оқу үрдісін жаңаша басқару мен оқытудың озат әдістемесін игеруге, материалдық-техникалық базасын жаңаша түрлендіруге басты назар аударады.

Кәсіпкерліктің білім деңгейін арттыру және бизнесті жүргізудің заманауи үлгілерін енгізу қажеттілігін ескере отырып, Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында колледжде орта кәсіби мамандар дайындауда бірнеше жұмыстар жасалды. Қысқа мерзімде нарық талабына сай мамандар даярлаудың жүйесі қалыптастырылды. Әйтеке би ауданының «Жұмыспен қамтамасыз ету» орталығының ұйымдастыруымен Облыстық білім беру басқармасымен бірге қысқа мерзімде жұмысшы мамандар дайындауға курстар ұйымдастырылды.

Дуальды оқыту жүйесі 2015-2016 оқу жылынан бастап 1504000-«Фермер шаруашылығы» мамандықтары бойынша оқу процессіне енгізілді. Студенттердің мекемелерде тәжірибе алмасуына толық мүмкіндіктер туды. Білім беру деңгейінің биік болуы, жаңа инновациялық

технологиялар мен жан-жақты жаңа бағдарламалардың оқу процессіне енгізілуі, сапалы мамандар дайындауда жоғары нәтижелер беруде.

Колледждің 15-оқытушысы «Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру» бағдарламасы бойынша кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарының инженерлік-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарынан өті.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекет бағдарламасын» орындауда да колледждің үлесі зор.

Білім беру жүйесіндегі реформалардың басты бөлімі-жаңа ақпаратты технологиялар процесін енгізу болып табылатындықтан, күнделікті оқу процесіне инновациялық-педагогикалық технологиялардан бағдарламалар енгізіліп, электрондық оқулықтар бойынша ақпараттық-анықтамалық жүйелер пайдаланылуда. Білік пен дағдыны меңгерту іс-әрекет пен тәжірибенің жетістігі.

- 2013 жылы 25 млн.теңгеге оқу кабинеттері мен 5 шеберхана автотренажер, макеттермен, интерактивті тақта, компьютер және басқа да негізгі құралдармен жабдықталып, ауыл шаруашылығы мамандығы үшін оқу тракторы алынды.

- 2017-2021 жылдар аралығында оқу кабинеттеріне интерактивті тақта проекторымен, моноблок компьютерлері және компьютерлік классқа 15 дана моноблок сатып алынды.

Материалдық-техникалық базасын көтеру мақсатында, аз уақыт ішінде көптеген жұмыстар тындырылды: 2015 жылы колледж асханасы мен спортзалына күрделі жөндеу жүргізілді. 2020 жылы оқу ғимараты және жатақханаға ағымдық жөндеу жүргізілді және тұрмыстық қажеттілікке арналған құралдар сатып алынды.

2021 жылы оқу ғимаратының 1-ші қабатында Open Space ашық терезесі жасалып, ағымдағы жөндеу жүргізілді. Жатақханадағы оқушылардың жағдайларына көп көңіл аударылып оқу залы, демалыс бөлмесі, ата-аналар бөлмесімен және т.б. жан-жақты жағдайлар қарастырылды. Сонымен қатар білім сапасын жақсарту мақсатында оқушыларға спорт алаңы іске қосылды, оқу кабинеттері итерактивті тақтамен, компьютерлермен, интернетпен қамтамасыз етілді.

## **2.1. 2026 жылға дейін әлемдегі экономиканың даму үрдісі.**

Әлемдік экономикадағы жаңа жаһандық экономикалық шынайылықты және басым үрдістерді келесідей анықтауға болады:

- экономикасы басым дамып келе жатқан елдерде адами капиталдың сапасын арттыру көзқарасында жұмыс күші құрылымындағы өзгерістер;
- әлемдік экономикада шикізат ресурстары үшін бәсекелестіктің артуы;
- «жасыл экономика» және ресурстарды сақтау технологиясын әзірлеуге инвестицияларды арттыру;
- инвестициялар тиімділігі көлемге байланысты жылжуы.

## **2.2. Бәсекелестер және аймақтық білім беру нарығын талдау.**

Ауыл шаруашылығы бойынша мамандар даярлауда негізгі бәсекелестер Ойыл аграрлық колледжі, Қобда көпсалалы колледжі және Ақтөбе жоғары агротехникалық колледжі болып табылады.

Қазіргі кезде колледждің негізгі міндеті – контингентті ұлғайту және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды ары қарай ашуды жалғастыру стратегиясын жүзеге асыру.

## **2.3. Географиялық және демографиялық көрсеткіштер.**

Білім алушылар контингентінің басым бөлігін Әйтеке би ауданымыздың ауылдық елді мекендерінің мектеп түлектері құрайды. Білім алушылардың көбі – 15-22 жастағы, негізгі және орта білімі бар 9-11 сынып оқушылары. Отбасылық әлеуметтік мәртебе талдауы олардың әртүрлі екендігін көрсетеді, яғни, аз қамтылған көпбалалы отбасы балалары, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Аймақтық аспектіде, ауылдық жерлерден келген балалар бар. Колледжді таңдау кезінде бұл балалар үшін маңызды мәселенің бірі- жатақхананың болуы.

Қабылдау комиссиясы жұмысының талдауы көрсеткендей, оқуға түскендердің негізгі контингентін кәсіптік бағдарлау жұмысы жүргізіліп, тығыз байланыс орнатылған мектептердің түлектері құрайды.



#### 2.4. Колледж қызметіндегі негізгі көрсеткіштер.

Көрсеткіштер	2018 - 2019ж.	2019- 2020ж.	2020- 2021ж.	Ағымдағы жағдай
Білім алушылар саны, адам	219	195	204	Колледжімізге студенттердің оқуға түсімінің көрсеткішінде өзгеріс байқалады. 2018 жылғы контингент 2021 жылмен салыстырғанда 73% өсті. Бұл 2020-2021 жылдарда қабылданған студенттер құрамының колледжімізде жаңа мамандықтардың ашылуына байланысты екенін түсіндіреді
Колледж және әлеуметтік серіктестіктер арасында қол қойылған келісімдер саны(меморандум), бірлік	5	7	7	Колледж және әлеуметтік серіктестер арасында жасалған ТОО «Комсомол», ТОО «Кумкудук», ТОО «Булак-Агро», АО «Канс Транс Газ Аймақ», Әйтеке би газ шаруашылығы, ИП «Волынец Галина Хусаиновна », ИП «Кишкенебаев С.М.»
Біліктілігін арттырған колледждің педагогикалық қызметкерлерінің саны, оның ішінде шетелде, адам	7 28%	4 16%	8 32%	2018-2021 ж.ж. біліктілігін арттырған оқытушылар саны біршама өсті, себебі біліктілік арттыру курстарына қатысушылардың жаңартылған білім беру мазмұнына көшуі, модульдік-құзыреттік технологиясын оқу процесіне енгізу.
Кәсіптік даярлық деңгейін бағалау. (қатысушылар саны), адам.	94	92	89	Колледж контингенті азайғанына байланысты көрсеткіштің түсу динамикасы байқалады.
материалдық-техникалық базаны нығайту, мың. теңге	-	2100	3555	-2013 жылы 25 млн.теңгеге оқу кабинеттері мен 5 шеберхана автотренажер, макеттермен, интерактивті тақта, компьютер және басқа да негізгі құралдармен жабдықталып, Ауыл шаруашылығы мамандығы үшін оқу тракторы алынды. -2017-2021 жылдар аралығында оқу кабинеттеріне интерактивті тақта проекторімен, моноблок компьютерлері және компьютерлік классқа 15 дана моноблок сатып алынды. Колледж материалдық-техникалық базаны нығайту мақсатында 2022-2026 оқу жылдарында жаңа қондырғылар мен техникаларды алу жоспарланған.
Безендіру, ағымдық жөндеу жұмыстары, ремонт,мың. теңге	-	1389	1458,5	2015 жылы колледж асханасы мен спортзалына күрделі жөндеу жүргізілді. 2020 жылы оқу ғимараты және жатақханаға ағымдық жөндеу жүргізілді және тұрмыстық қажеттілікке арналған құралдар сатып алынды. 2021 жылы оқу ғимаратының 1-ші қабатында Open Space ашық терезесі жасалып, ағымдағы жөндеу жүргізілді. Жөндеу жұмыстары жылма-жыл кешенді жоспарға сәйкес жүргізіліп отырады.

Орнатылған интерактивті оқу жабдығы саны, бірлік.	2	-	-	<p>Жыл бойы тегін Интернет қосылған, жылдамдығы 8 Мбит/с. Барлық оқытушыларға логиндер мен пароль берілді. Персоналды компьютерлер мен ноутбук саны-64 дана, интерактивті проектор-10 дана.</p> <p>Колледжде бейне бақылау жүйесі 2021 жылдың наурыз айында орнатылды. Оқу корпусында 14 бейнекамера, соның ішінде 10-ішкі, 4-сыртқы, жатақханада-17, оның ішінде 15-ішкі, 2-сыртқы бейнекамера орнатылған.</p> <p>Барлық компьютер Интернетке қосылған. 1 компьютерге-4 студент. 12 кабинетте электронды ресурстарды қолдануға мүмкіндік беретін презентациялық жабдық орнатылған (10 дана интерактивті жабдық). Колледжде 1 компьютерлік кабинет бар.</p> <p>Колледже цифрлық технологиялармен жабдықталған оқу бейне қондырғылары кешенді жоспарға сәйкес жылма-жыл арттырылып отырады.</p>
---	---	---	---	--

### 2.5. SWOT- талдау

<b>S (Strenght)</b> - басымдық жақтар (әлеуетті оң сыртқы факторлар)	<b>W (weakness)</b> – әлсіз жақтар (әлеуетті сыртқы жағымсыз факторлар)
<ul style="list-style-type: none"> <li>- білім беру қызметі нарығында тұрақты бедел;</li> <li>- аймақта сұранысқа ие мамандықтар бойынша кадрлар даярлау;</li> <li>- жоғары деңгейде түлектердің бос уақытын қамту және жұмысқа орналасуына ықпал жасау;</li> <li>- белсенді кәсіптік бағдарлау жұмысы және колледждің имиджін қалыптастыру бойынша ұдайы жұмыс жасау;</li> <li>- тұрақты жұмыс істейтін және жеткілікті кәсіби ұжым;</li> <li>- колледждің жақсы оқу-материалдық базасы;</li> <li>- әлеуметтік серіктестік және жұмыс берушілердің ұдайы артуы;</li> <li>- қаржылық тұрақтылық;</li> <li>- кадрларды даярлауды меңгеру және мобильділік, әлемдік нарыққа шығу;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мамандығы бойынша жұмысқа орналасудың, ЖОО-на түсудің жеткіліксіз деңгейі;</li> <li>- өндірістен ауыстырылған кәсіби кадрлар тапшылығы, оқытушылар және ӨО шеберлерінің жеткіліксіз тәжірибелік дағдылары;</li> <li>- мамандықтар, пәндер бойынша қағаз және цифрлі тасымалдауышта мемлекеттік тілдегі әдебиеттердің жетіспеуі, жеке мамандықтар бойынша зертханалық базаның жаңашыл үлгідегі жабдықталуының кешеуілдеуі;</li> <li>- кадрларды даярлауда жұмыс берушілердің жеткілікті қатыспауы (шәкіртақы, гранттар, ақылы тәжірибе);</li> <li>- жабдықты сатып алу үшін резервтік қаржы қорының болмауы, бюджет тарапынан жеткіліксіз деңгейде қаржыландыру;</li> </ul>
<b>O (opportunity)</b> – қолайлы мүмкіндіктер (әлеуетті оң сыртқы факторлар)	<b>T (treat)</b> – қатерлер (әлеуетті-жағымсыз сыртқы факторлар)
<ul style="list-style-type: none"> <li>- мемлекеттік қазыналық кәсіпорын мәртебесі;</li> <li>- курстық даярлауды, қайта даярлауды және біліктілік арттыруды жүргізу;</li> <li>- түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;</li> <li>- колледж оқытушыларының мемлекеттік және шетел тілдерінде оқу - әдістемелік әдебиетті әзірлеу және басып шығару мүмкіндігі;</li> <li>- оқытушыларды және студенттерді түрлі деңгейдегі ғылыми конкурстар мен басқа да шараларға қатыстыруға ынталандыру жүйесін әзірлеу;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- демографиялық процестер және көші-қоны жағдайлары;</li> <li>- білім беру қызметтері нарығындағы бәсекелестік;</li> <li>- еңбек нарығында өзгермелі экономикалық жағдай, мамандардың көп болуы;</li> </ul>

### 3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, мақсат индикаторлары.

Стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру үшін келесі стратегиялық бағыттар анықталған:

#### 3.1. Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету.

- инновациялық білім беру жүйесін дамыту;
- білім беру қызметі сапасын бақылаудың заманауи механизмдерін қолдану (оқу-өндірістік тәжірибені ұйымдастыру, рейтинг, мемлекеттік аттестаттау, институционалдық және мамандандырылған аккредитация).
- колледждің мақсаты ТжКБ мамандықтар бойынша кадрлар даярлау бағдарламаларын дамыту саласында заманауи қоғам және әлеуетті жұмыс берушінің еңбек нарығы қажеттілігін қанағаттандыратын деңгейге жету.
- кадрларды сапалы даярлау ғылым және техниканың соңғы жетістіктері, мамандығы бойынша тәжірибе жұмысы дағдыларының болуы, білім алушының кәсіпкерлік, әлеуметтік жауапкершілік танымын қалыптастыратын заманауи білімді меңгеруінде.
- жаңа мамандықтарды ашу қажеттілігі аймақтың экономикасының даму деңгейіне байланысты анықталады.

#### Мақсаты 1. Білім беру бағдарламалары портфелін кеңейту.

##### Міндет 1.1. ТжКБ мамандықтары санын арттыру.

Мамандарды даярлау	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
ТжКБ мамандықтар нысаны	3	4	5	5	6

##### Міндет 1.2. Ағылшын тілінде жекелеп оқитын топтардың үлесін арттыру.

##### Міндет 1.3. Қашықтық технологияларды қолдану арқылы оқытуды жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

Кадрлар даярлау	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
ТжКБ мамандықтары саны	-	-	-	1	1

#### Мақсаты 2. Колледжде білім алушылар санын ұлғайту

##### Міндет 2.1. Білім алушылардың контингентін сақтауды қамтамасыз ету

Жылы	Білім алушылар саны	Түлектер	Себепсіз оқу процесін бұзғаны үшін шығарылған	білім алушылардың жалпы санынан шығарылған, %	контингенттің сақталуы, %
2021-2022	145	49	0	33%	78%
2022-2023	196	64	0	32%	85%
2023-2024	217	67	0	32%	88%
2024-2025	225	80	0	40%	90%
2025-2026	230	85	0	48%	95%

**Міндет 2.2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларды қабылдауды арттыру**

Оқу жылы	Мемлекеттік тапсырыс бойынша қабылдау			
	9 сынып	11 сынып	Барлығы	өткенжылмен салыстырғанда арттыру немесе қысқарту, %
2021-2022	55	0	55	
2022-2023	80	20	100	15% арттыру
2023-2024	70	15	85	12% арттыру
2024-2025	70	15	85	12% арттыру
2025-2026	70	15	85	12% арттыру

**Мақсаты 3. Оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы мамандықтардың санын арттыру**

**Міндет 3.1. Инновациялық технологияларды қолдану арқылы мамандықтар санын арттыру**

Оқу жылы	Мамандықтар саны	инновациялық технологиялармен қамтылған мамандықтар саны
2021-2022	3	-
2022-2023	4	-
2023-2024	4	1
2024-2025	5	2
2025-2026	5	3

**Міндет 3.2. Түлектердің заманауи білімін, құзыреттілігі, тәжірибелік және тұлғалық дағдыларын қалыптастыру бойынша білім беру модулін жүзеге асыру (мамандарды даярлауда қолданатын модульдік бағдарламалардың саны)**

Оқу жылы	Мамандықтар саны	Қолданатын модульдік бағдарламалар саны
2021-2022	3	2
2022-2023	5	3
2023-2024	5	4
2024-2025	6	5
2025-2026	6	5

**Міндет 3.3. Дуалдық оқытуды енгізу (дуалдық оқытумен қамтылған мамандықтар саны)**

Кадрлар даярлау	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Қамтылған мамандықтар саны	1	1	2	2	2

**3.2. Инженер-педагог қызметкерлердің ғылыми-инновациялық қызметін дамыту.**

- кадрлардың біліктілігін арттыру (қайта даярлау, біліктілікті арттыру, педагогикалық тәжірибе диссимилиациясы, магистрлер диссертацияларын қорғау, ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу);
- ауылшаруашылығын механикаландыру және жөндеуші слесарі мамандардың даярлау және қайта даярлау бойынша базалық «Техникалық қызмет көрсету» орталығын ашу;
- ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру.

**Мақсаты 1. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру.**

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Аттестаттау өткен оқытушылар саны	5	7	10	12	15
Жоғары және бірінші	48	50	55	60	65

санатты оқытушылар үлесі, %					
Магистрлер үлесі, %	4	4	4	6	9
Ғылым кандидаттарының үлесі, %	4	4	4	8	10

## Мақсаты 2. Оқытушылардың ғылыми қызметінің тиімділігін арттыру

### Міндет 2.1. Әзірленген әдістемелік материалдың санын және сапасын арттыру

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Электронды құралдар мен оқулықтар саны	5	7	10	13	15
рецензиялар	5	7	10	13	15
Әзірленген әдістемелік материалдар саны	5	7	10	13	15
Оның ішінде:					
- ISBN	-	-	-	1	1
- рецензия	-	-	-	1	1
- ҚР БҒМ нұсқамалары	-	-	-	1	1

### Міндет 2.2. Ғылыми-практикалық конференцияларға қатысқан оқытушылар санын арттыру

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
ғылыми-практикалық конференцияларға қатысқан оқытушылар саны	7	12	16	18	24
- облыстық	5	6	7	8	10
- республикалық	2	5	7	8	10
- халықаралық	-	1	2	3	4

### Міндет 2.3. Облыстық әдістемелік бірлестіктерге жетекшілік ететін инженер-педагог қызметкерлердің саны

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Облыстық әдістемелік бірлестіктерге жетекшілік ететін ИПҚ саны	-	-	-	1	1

### Міндет 2.4. Мамандықтар бойынша тәжірибелік бағдарлау факультативтік курстарды әзірлеу және енгізу

Мамандықтар бойынша әзірленген және енгізілген факультативтік курстар саны	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
«Жол жүру ережесі»	1	1	1	1	1
«Ауылшаруашылығы машиналары»	1	1	1	1	1
«Трактордың құрылымы»	1	1	1	1	1
«Нарықты экономика негіздері»	1	1	1	1	1
«Ақпараттық сауаттылық»	1	1	1	1	1
«Информатика негіздері және автоматтандыру»	1	1	1	1	1
«Кәсіптік негіздері»	1	1	1	1	1



### Мақсаты 3. Оқыту сапасын арттыру

Міндеті 3.1. Оқытушылардың 5 жылда 1 рет біліктілік курстардан 100% өтуін қамтамасыз ету. Арнайы пәндер оқытушыларының кәсіпорындарда тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету.

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Біліктілік арттырудан өткен оқытушылар саны	3	4	5	6	7
ҚР кәсіпорындарында тағылымдамадан өткен оқытушылар саны	9	11	13	15	17
Курстық дайындық/ шетелде тағылымдамадан өткен оқытушылар саны	-	-	-	-	1

Міндет 3.2. Облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде оқытушылар тәжірибесін диссимуляциялау

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Тәжірибесін жалпылаған оқытушылар саны	-	2	2	5	7
- колледжішілік деңгей	-	1	1	2	3
- облыстық деңгей	-	1	1	2	3
- республикалық деңгей	-	-	-	1	1
- халықаралық деңгей	-	-	-	-	-

Міндет 3.3. Оқытушылар оқу процесінде АКТ-технологияларды қолдануы

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Оқытушылар оқу процесінде АКТ-технологияларды қолдануы. (адам саны)	22	23	25	27	30

Міндет 3.4. Оқу процесінде қолданылатын инновациялық технологиялар санын арттыру.

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Инновациялық технологиялар саны	2	3	3	4	5

### 3.3. Жастардың тұлғалық даму саясаты

- Рухани-адамгершілік құндылықтарды, жалпы ұлттық патриоттық “Мәңгілік Ел” «Рухани жаңғыру» идеясын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайту;
- Кәсіптік және әлеуметтік құзыретті, өзіне сенімді, бәсекеге қабілетті азаматты және патриотты тәрбиелеу;

Мақсаты 1. Тәрбие жұмысында «Мәңгілік ел» концепциясын әзірлеу және жүзеге асыру.

Мақсаты 2. Оқушылардың сыныптан тыс бос уақытын қамтуды арттыру.

**Міндет 2.1. Колледжде үйірме сандарын арттыру арқылы оқуға қызығушылық арттыру.**

	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Үйірме саны	7	7	8	8	10

**Міндет 2.2. Жүйелі негізде қаланың түрлі ұйымдарымен серіктестік орнату**

Тәрбие қызметі міндеттерін жүзеге асыру мақсатында колледж түрлі ұйымдармен серіктестік ұйыдастырылуы.

	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Серіктестік ұйымдар саны	-	-	1	1	2

**Міндет 2.3 Колледж оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамыту, түрлі деңгейде конкурстар мен фестивальдерге қатысу.**

	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Конкурстар мен фестивальдерге қатысу саны	-	-	1	2	3

**Міндет 2.4.Колледж студенттерінің патриоттық сезімін және азаматтық белсендігін нығайту.** Волонтерлер қозғалысын, патриоттық қозғалысты қамту.

**Міндет 2.5.Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Спорттық секцияларға қатысатын студенттер санын арттыру.**

	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Спорттық секциялар саны	103	110	115	120	125

**Мақсат3. Қылмыс және деструктивті мінез-құлықтың алдын алу іс-шараларының тиімділігін арттыру.**

**Міндет 3.1. Колледж студенттері арасында құқық бұзушылық санын азайту.**

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Құқық бұзушылық саны	0	0	0	0	0

**Міндет 3.2 Колледжде ішкі бақылауда тұрған студенттер санын азайту.**

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Ішкі бақылауда тұрған студенттер, %	6	3	2	1	0

**3.4. Халықаралық және стратегиялық серіктестік.**

- әлеуметтік серіктестіктермен қарым-қатынасты кеңейту;
- «Құзыреттілік орталығы» шеңберінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

**Мақсаты 1. Жаңа жобаларды жүзеге асыру және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту арқылы халықаралық бастамаларды дамытуды қолдау**

**Міндет 1.1. ТМД және шетел мемлекеттерінің оқу ұйымдарымен стратегиялық серіктестік орнату және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту**

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
халықаралық келісімшарт саны	-	-	1	2	3

**Міндет 1.2. Колледж базасында шетел серіктестерінің қатысуымен іс-шаралар ұйымдастыру**

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Іс-шаралар саны	-	-	-	1	1

**Міндет 1.3. Шетелде, колледж базасында тағлымдама және кадрларды даярлау бағдарламасын жетілдіру, шетел серіктестерін қатыстыру**

Кадрлар даярлау	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Шетелде тағлымдама, қайта даярлау курстарын өткен педагогтар	-	-	-	1	1

**3.5. Менеджмент және колледж инфрақұрылымын дамыту**

- Облыстың алдыңғы үздік колледж қатарына кіру;
- Қазақстан Республикасының үздік колледжі қатарына кіру;
- Оқу процесін қамтамасыз ету бойынша сапалы жаңғырту және материалдық-техникалық базасын нығайту;
- Колледжді басқару жүйесін тиімді ұйымдастыру.
- Жаңа жабдықпен жұмыс істеу мүмкіндігі мен дағдысы бар жоғары білікті жұмысшы кадрларды даярлау үшін ауылшаруашылығы мамандықтарымен жүйелі жұмыс жасауда колледжде машиналарға техникалық қызмет көрсету құрылғыларын практикалық зерделеу жөніндегі зертханалар құру қажет.

Басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру, колледж қызметкерлерін дамыту және оқыту адами ресурстарды меңгерудің басымды бағыттарының бірі. 5 жылда кадрлардың біліктілігін арттыру, атап айтқанда курстардан өту, білімін жетілдіру, әдістемелік жұмыс жүйесін қалыптастыру қолға алынды.

**Мақсат 1. Аймақта колледждің ықпалын кеңейту**

**Міндет 1.1. Облыстың барлық қалалары мен аудандарында колледждің танымалдығын қамтамасыз ету**

Іс-шаралар	Кезең
1. Колледж қызметін көрсетуде нарық талдауын және маркетинг іс-шараларын құру.	Барлық кезең
2. Кәсіпорын басшылығы, жергілікті білім беру органдарымен келісімшарт, меморандум, келіссөздер жасау мақсатында іскерлік қарым-қатынас орнату.	Үнемі
3. Конференциялар, көрме, форумдарға қатысу	Барлық кезең
4. Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, рухани-адамгершілік тәрбиелеу іс-шаралары (волонтер қозғалысы, жәрдем акциясы, флэш-моб)	Барлық кезең
5. Оқушыларды жұмыс беруші колледж түлектерімен, табысты бизнесмендермен кездестіру.	Барлық кезең

**Мақсат 2. Кәсіптік ұйымдастыру бойынша жұмыс жүйесін жетілдіру**

## Міндет 2.1. Кәсіптік бағдарлау жұмысының маркетингтік жоспарын әзірлеу

Іс-шара	Кезең
1.Кәсіптік бағдарлау жұмысының жоспарын әзірлеу	Жыл сайын
2.Кәсіптік бағдарлау жұмысын талдау	Жыл сайын
3.Өзара байланыс жүйесін құру	Барлық кезеңде
4. Контингентті қабылдауды ұйымдастыру жүйесін әзірлеу	Үнемі

## Мақсат 3. Кадрларды басқарудың заманауи жүйесін жасау

### Міндет 3.1. Кадрларды іздестіру, тарту және іріктеу жүйесін дамыту (ұйымдармен қарым-қатынасты дамыту)

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Ұйымдар және веб-сайттар	Жұмыспен қамту орталығы, колледждің веб-сайты	Жастар еңбек биржасы, колледжіміздің түлектерін, өндіріс мамандарын жұмысқа орналастыру	Колледж түлектерін, өндіріс мамандарын жұмысқа орналастыру	Қала және республика бойынша басқа кадрлар агенттігі	Қала және республика бойынша кадрлар агенттігі

### Міндет 3.2. Басқарушы және ғылыми-педагогикалық кадрлар резервін қалыптастыру және дамыту

### Міндет 3.3. Жас кадрлардың кәсіби өсуіне жәрдем беру бағдарламасын жүзеге асыру

### Міндет 3.4. Кадрларды моральдік және материалдық көтермелеу арқылы ынталандыру

### Міндет 3.5. Оқытушылар жұмысы тиімділігінің өзекті жүйелерін енгізу, колледждің корпоративтік мәдениетін жетілдіру

### Міндет 3.6. Еңбек ұжымында қолайлы жағдай жасау

### Міндет 3.7. Қызметкерлердің үш тілді білуін талап ету

## Мақсат 4. Қазіргі заманғы кітапхана қорын құру

### Міндет 4.1. Кітапхананы қажетті кітап қорымен қамтамасыз ету

	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Шығыс, сумма мың.тг	-	-	100	110	120

### Міндет 4.2. Жоғары жылдамдықты интернетті қосу үшін қосымша компьютерлер сатып алу

Іс-шаралар	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Жаңа компьютерлер сатып алу	-	5	10	15	20
Интернетке қосу	-	5	10	15	20

### Міндет 4.3. Кітапханадағы әдебиетті электронды тасымалдағышта жасау

Іс-шаралар	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Электронды оқулықтар сатып алу (саны, дана)	-	-	20	30	40
Бар оқулық қорын цифрландыру (саны, дана)	-	-	2	3	4

**Мақсат 5. Колледж жатақханасында тұру үшін оқушыларға қолайлы жағдай жасау**

**Міндет 5.1. Жатақханада жөндеу жұмысын жүргізу және тұру жағдайын жақсарту (мың.тенге)**

Іс-шаралар	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Жөндеу жұмысына қаржы бөлу	1458	1000	1200	1300	1500
Жиһаз және мүлік сатып алу	295	300	400	500	500

**Мақсат 6. Білім алушыларды тамақтандыру шараларын ұйымдастыру**

**Міндет 6.1. Білім алушыларды тамақтандыру сапасын арттыру және ас мәзірін толықтыру**

**Міндет 6.2. Тамақтандыруды тексеру бойынша тұрақты комиссия құру және есеп беруді басшылық кеңесінде тыңдау**

**Міндет 6.3. Асхананың кәріс және қосымша бөлмелерінде жөндеу өткізу**

**Мақсат 7. Білім беру, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымдық кешенді жүйелі дамыту**

**Міндет 7.1. Оқу ұйымының материалдық-техникалық базасын жетілдіру**

Іс-шаралар	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
МТБ нығайтуға қаржы бөлу, мың.тенге	5000	10000	25000	27500	30000
зертханалар санын арттыру және олардың жасалуын қамтамасыз ету(саны)	1	1	2	2	3
оқу процесін ұйымдастыру үшін қосымша компьютерлер сатып алу(саны)		5	10	15	20
спорттық-сауықтыру жұмысының оқу базасын нығайту(мың. тнг)		100	120	130	150

**4. Тәуекелді басқару жүйесі**

Тәуекел түрлері	Ықпал	Мүмкіндік	Тәуекелді шарасы
<b>Реттеу тәуекелі</b>	жоғары	орта	ҚР Білім беру заңнамасында, стандарттағы өзгерістер, лицензия талаптары бойынша ұдайы мониторинг
<b>Қаржылық тәуекел</b> - әлеуметтік-экономикалық жағдайдың шиеленісуі. - еңбек нарығында өзгертпелі экономикалық жағдай, мамандар санының өсуі.	жоғары	Жоғары	- Қаржыландырудың қосымша көзі - Кадрларды алдын ала даярлау үшін еңбек нарығын талдау - ҚР заңнама базасы мониторингі - Халықтың кірістер мониторингі
<b>Бәсекелестіктің арту тәуекелі</b> □білім беру	жоғары	Орта	- кадрларды сапалы даярлауды жетілдіру, жаңа технологиялар және әдістерді енгізу; - мектеп және ата-аналармен бірлесу арқылы



қызметі нарығында бәсекелестік			үздіксіз кәсіптік бағдарлау жүйесін жасау; - колледждің серіктес мектептері қасында бейінді сыныптар ашу;
<b>Демографиялық тәуекел</b> -демографиялық процестер және көші-қоны жағдайлары.	орта	Жоғары	- 9-11 сыныптар контингентін зерттеу бойынша аудандық және қалалық білім беру бөлімдерімен өзара әрекет жасау - аудан тұрғындары аймақ шегінен кетуін бақылау
<b>Басқарушы тәуекел</b>	жоғары	Жоғары	- нақты жұмыс бөлімі үшін өкілеттікті және жеке жауапкершілікті үйлестіру; - стратегияның негізгі ережелерін түсіндіру үшін жұмыс топтарын құру; - педагогикалық кеңес, әдістемелік бірлестік отырыстары, циклдік комиссияның жеке нәтижелерін талқылау; - журналдар, аттестаттауды талдау негізінде қойылған мақсаттар және міндеттердің жоспарлы және нақты көрсеткіштерінің ай сайынғы мониторингі; - оқытушылардың және оқушылардың жоғары көрсеткіштерге жету уәждемесі (моральдік және материалдық); - Курстық даярлық, тағлымдама, өзін-өзі жетілдіру, конкурстарға қатысу арқылы оқытушылар мен ӨО шеберлерінің біліктілігін арттыру; - ақырғы нәтижеге қол жеткізуде ортақ жауапкершілік үшін шешім қабылдау және жағдай жасауда ұжымды тарту .

### 5. Күтілетін нәтижелер

- Колледж оқытушылары құрамының кәсіби деңгейінің жоғарлауы.
- Қайта даярлау курсынан сертификат алып өткен оқытушылардың санын 100% ға жеткізу.
- Қызметкерлердің колледж әкімшілігінің шешімдеріне жоғары деңгейде қанағаттануы.
- Колледждің мамандандырылған және институционалды аккредитациядан өтуі.
- ҚР ТЖКББ колледждерінің рейтинг жүйесіндегі жоғары орындарға кіру.
- Мамандарды дайындау кәсіби деңгейін жоғарлату.
- Колледж оқытушыларымен, соның ішінде мемлекеттік тілде дайындалған оқу және оқу әдістемелік құралдарын, оқулықтарын, электронды оқулықтарының санын арттыру.
- Оқу процесіне заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды, оқытудың жаңа әдістерін енгізу.
- Колледж қызметіне электронды іс-жүргізу, құжат айналымын, статистикалық мәліметтерді жинау және өңдеу, мониторинг, бақылау және талдау жұмыстарын енгізу.
- Түлектердің күзиреттілігі және бәсекеге қабілеттілігінің дамуы.
- Студенттердің ақпараттық мәдениеттілігінің қалыптасуы.
- Оқытушылардың ғылыми-зерттеу мәдениеті деңгейінің жоғарлауы.
- Оқытушылар құрамының халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігі.
- Патриоттық тәрбие, үздік ұлттық құндылықтарды сақтау және жаңғырту.
- Студенттерде әлеуметтік-тұлғалық, экономикалық, кәсіби ұйымдастыру-басқару және арнайы күзиреттіліктерінің қалыптасуы.
- Іс-жүзінде колледж студенттерінің өзін-өзі басқаруы.
- Жеке тұлғаның үйлесімді дамуын қалыптастыру.
- Шығармашылық қызметтің тиімділігінің артуы.
- Колледждің экономикалық табыстылығының артуы.
- Колледждің қаржылық базасын жетілдіруі және кеңейтуі.
- Материалдық-техникалық базаны жаңа заман талабына сай қондырғылармен толықтыру.
- Колледж студенттері мен қызметкерлерінің қазіргі заманға сай әлеуметтік –тұрмыстық жағдайларының қалыптасуы.

## **Қорытынды**

Колледж стратегиясын жүзеге асыру жоспарланған мақсатқа жеткізуді және еңбек нарығында сұранысқа ие, сапалы мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді.

Стратегияның негізгі көрсеткіштерін орындау барысында оқу-тәрбие процесін жоспарлы және біртіндеп жетілдіру қамтамасыз етіледі, бұл өз ретінде заман, қоғам, ата-аналар, оқушылар талаптарына сәйкес келетін кадрлар даярлауды ұйымдастыру процесіне оң ықпал жасайды.

Жаңа мамандықтарды ашу, оқу-материалдық базаны нығайту білім алушылар контингентін арттыруға жағдай жасайды және колледждің аймақтық ТЖБ жүйесінде беделді орын алуына мүмкіндік береді.